

Өндірістік практика

7M04102 Спорттық менеджмент (1 жыл)

Қысқаша сипаттама:

Спорттық менеджмент бойынша бейінді магистратура магистранттарының өндірістік практикасы спорт саласы ұйымдарының нақты қызметі жағдайында кәсіби құзыреттерді бекітуге және кеңейтуге бағытталған.

Практика мақсаты

Магистранттарда дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті тиімді басқарушылық, ұйымдастырушылық және талдамалық сүйемелдеу үшін қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыру.

Практика міндеттері

- Спорттық ұйымдардың құрылымы мен функцияларын, сондай-ақ оларды басқару тетіктерін зерделеу.
- Жоспарлау, құжат айналымы және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру саласында практикалық дағдыларды меңгеру.
- Алынған практикалық тәжірибені қорытындылай отырып, аналитикалық есеп дайындау.

Оқудың күтілетін нәтижелері

Білім:

- Спорт және білім беру саласындағы заңнама және нормативтік актілер.
- Спорттық маркетинг, басқару, жобалық және қаржылық қызмет негіздері
- Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының даму стратегиялары.

Дағдылар:

- Спорттық ұйымның қызметінде басқарушылық және ұйымдастырушылық әдістерді қолдану.
- Құжаттарды әзірлеу: ережелер, есептер, іс-шаралар жоспарлары және т. б.
- Спорттық және басқарушылық жобалардың тиімділігін бағалау.
- Спорттық бағдарламаларды іске асыруда тәуекелдер мен ресурстарға талдау жүргізу.

Қабілеттер:

- Кәсіби ортада командада жұмыс істеу.
- Іскерлік хат-хабарларды және басқарушылық құжат айналымын жүргізу.
- Аналитикалық және презентациялық материалдарды дайындау.
- Серіктестермен және сала қатысушыларымен өзін-өзі ұйымдастыру және іскерлік қарым-қатынас дағдылары.